

№1 «Еркетай» Алға бобекжай балабақшасы

Балалардың балабақшага бейімделуі

Ата-аналарға психологиялық кеңес

Педагог-психолог: Н.Д.Аметова

2022-2023 оку жылы

Баланың әлеуметтенуі қашан қайда басталады?

Әрине бірінші отбасында және балабакшага келгенде. Балабакшада таныс емес үлкен адамдармен, балалармен таңысады, мінез құлық ережелері мен нормаларын менгереді. Жаңа жағдайға бала калай үйренеді? Өкінішке орай балабакшага бейімделу көбінесе қын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, үйықтамайды, балалармен және үлкен адамдармен арасынан бас тартады да, коршаган ортага деген қызыгуышылығы томендейді, ойыншыктарды ойынга катыстырмайды.

Баланың балабакшага қын бейімделу себептері:

1. басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен
2. дәретке өзі отырып үйренбегендіктен
3. кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырак, катты тамақты шайнап үйренбеген (картоп, наң)
4. балабакшага келген алғашқы күндері бала 2 сағатқа калу керек. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айттып, баланы күні бойы балабакшада калдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.
5. баланызben үйде сөйлесесіз бе, оны мақтайсыз ба, оны жаксы көретінініз туралы айттыңызба?

Ата-аналардың балаға эмоциялдық әсері көбінесе жағдайды қыннатады. Эр отбасында бейімделудің үш түрі бар:

- жеңіл түрі баланың мінез-құлығы 10-15күнде калпына келеді;
- орташа ауырлық бейімделу -1 айдың ішінде;
- ауыр бейімделу -2 айдан 6 айға дейін өтеді.

Қобалжулары катты ата-аналардың балалары да балабакшага қын бейімделеді, өйткені ата-анасының қобалжуын көріп, баланың коркынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата-аналар балаға көмек беруі керек.

Ертеңгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері.

*баламен тез қоштасып үйреніңіз. Қоштасуды созбаныз. Бала сіздің қобалжығанынызды көріп, тыныштануы ұзакқа созылады.

*баланың сізге сенсін десеніз, балабакшага әкеліп, көрінбей қашып кетпеніз.

*баланыңға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және соны қатал ұстаныныз. Балабакшага барғаны үшін жаңа ойыншық сатып алып, баланызды алдаркатпаныз.

*балага анық түсінік беру керек. Бір рет болсын баланың дегенін істесеніз әрі қарай баланы көндіру өте қынға түседі. 2-3 жастағы балалар үшін балабакшага бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Сондықтан кеңес береміз:

1. үйдегі жағдайда балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп үйымдастыруға жұмыстыныңыз.
2. балабақшаның тамактану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамактануына балбақшада ішетін тамактар түрін қосының
3. үйдегі жағдайда балаңың өзіне –өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, оз бетімен тамактану, тамак ішкенде қасықты пайдалану, тубекке сұрану.

Киімдері міндепті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шортты замоксыз, белдеушесіз.

- балаңың «социалдық көкжиегін» кеңейтініз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонакқа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірбие жинактаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.
- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата-анажағынан болуы қажет, балбақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейірімінізді көрсетініз. Есінізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсөніз Сіздің балаңыз балбақшага тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзінізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
- бірінші күні балабақшага серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен

Танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай-ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшага беріп жібергеніңіз абзал.

- жоспарланың, балбақшага бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні – ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балбақшага жаңадан келген балалар алғашкы аптада 3-4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.
- Кейір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.
- Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп щұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.
- Бала балабақшага тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сактану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин мазьмен сылап тұру қажет.

Егер сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, міnezі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса балабақшага келген күннен бастап –ақ үйреніп кететініне сеніңіз.

Сәт сапар, саған балапан жаңа ортада!